

С.Е. Құдайбергенов , З.Н. Исмағамбетова ,
А.Г. Қарабаева 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sergazi.92@mail.ru

АЛМАТЫ МУЗЕЙЛЕРІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ ХАЛЫҚТЫҢ МӘДЕНИ МҰРАСЫН САҚТАУ МЕН ТРАНСЛЯЦИЯЛАУДАҒЫ РӨЛІ

Мәдени зерттеулердің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – қазіргі қазақстандық қоғамдағы мәдени мұраны сақтаудағы музейлердің үлгілерін анықтау. Бұл теориялық және әдіснамалық міндет кейбір елдерде ХХ ғасырдың бірқатар тарихи оқиғаларына қатысты мәдени-тарихи есті сыни тұрғыдан теріске шығару мен әсіресе ұмытудың белгілі бір мерзімге негативті формасының пайда болу жағдайында және оны қайта түсіндіру әрекетінен туындады.

Бұл мақалада авторлар музей үлгілерін және халықтың мәдени мұрасын сақтау және трансляциялаудағы рөлін тарихи және мәдени естің институционалды нысаны ретінде негіздеу міндетін қойды. Бұл теориялық міндетті мәдениеттанулық жоспарда зерттеудің қажеттілігі көптеген әлеуметтік-мәдени факторларға байланысты. Оның ішінде қазақстандық қоғамды жаңғыртудың күрделі үрдісін атап өту керек. Осыған байланысты, Алматы музейлерінің модельдерін анықтау халықтың институционалды мәдени есін зерделеуші ретінде, жинақталған жұмыс тәжірибесін түсіну біржақты міндетке айналып, қазақстандық қоғамды модернизациялау және мультимедиялық технологиялардың рөлін арттыру жағдайында отандық мәдени мұраны жаңа үлгіде ұсынудың жолдарын айқындау міндеті тұрды.

Мақала авторының ойынша қалыптасқан музей үлгілері қазіргі заманғы үрдістеріне толықтай жауап беріп, келушілердің бос уақытын тиімді өткізудің маңызды баламасына айнала алады.

Түйін сөздер: мәдени мұра, мәдени ес, тарихи ес, музей, Алматы музейі, музей жұмысы, музейлердің функциялары, музей модельдері.

S.E. Kudaibergenov, Z.N. Ismagambetova, A.G. Karabaeva

Al-Farabi Kazakh National University,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: sergazi.92@mail.ru

Models of Almaty museums and their role in preserving and broadcasting the cultural heritage of the people

One of the urgent tasks of cultural research is the definition of models of museums for the preservation of cultural heritage in modern Kazakhstan society. This theoretical and methodological task becomes especially biased in the face of the manifestation of negative methods and forms of oblivion, blurring and deformation, critical denial of historical and cultural memory, which are observed in some countries with respect to a number of historical events of the 20th century, and attempts to reinterpret them.

In this article, the authors set the task of substantiating museum models in preserving and broadcasting the cultural heritage of the people as an institutionalized form of historical and cultural memory. The need for cultural studies of this theoretical task is due to many sociocultural factors. Among them, the complex process of modernization of Kazakhstan society should be noted. In this regard, studying the models of the Almaty museums and their role in preserving the cultural memory of the people, understanding the accumulated work experience becomes an engaged task, since in the conditions of modernization of Kazakhstan society and the actualization of the role of multimedia technologies, it is necessary to determine the ways of presenting the domestic cultural heritage and domain in a new format.

Key words: cultural heritage, cultural memory, historical memory, museum, Almaty museum, museum business, museum functions, museum models.

С.Е. Құдайбергенов, З.Н. Исмагамбетова, А.Г. Карабаев

Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: sergazi.92@mail.ru

Модели Алматинских музеев и их роль в сохранении и трансляции культурного наследия народа

Одной из актуальных задач культурного исследования является определение моделей музеев в сохранении культурного наследия в современном казахстанском обществе. Эта теоретико-методологическая задача становится особенно ангажированной в условиях проявления негативных способов и форм забвения, в размытии и деформации, критического отрицания историко-культурной памяти, наблюдаемые в некоторых странах в отношении ряда исторических событий XX века, попытки переинтерпретировать их.

В данной статье авторы ставят задачу обосновать модели музеев и их роль в сохранении и трансляции культурного наследия народа, как институализированной формы историко-культурной памяти. Необходимость исследования в культурологическом плане этой теоретической задачи обусловлена многими социокультурными факторами. Среди них следует отметить сложный процесс модернизации казахстанского общества. В этой связи изучение моделей Алматинских музеев как институализированной культурной памяти народа, осмысление накопленного опыта работы становится ангажированной задачей, так как в условиях модернизации казахстанского общества, актуализации роли мультимедийных технологий необходимо определить пути презентирования отечественного культурного наследия и достояния в новом формате.

Ключевые слова: культурное наследие, культурная память, историческая память, музей, алматинский музей, музейное дело, функции музеев, модели музеев.

Кіріспе

Мәдени зерттеулердің кезек күттірмейтін міндеттерінің бірі – музей үлгілерін және олардың халықтың мәдени мұрасын сақтаудағы ролін анықтау. Бұл міндет – қазақстандық қоғамды жаңғырту және цифрландыру саласындағы объективті міндеттердің бірі. Соңғы 30-40 жылда ғылыми әлем әлеуметтік-мәдени есті сақтаудағы музейлердің ролі туралы мәселені талқылады. Қазіргі жағдайда бұл мәселе шетелдік және ресейлік журналдардың беттерінде кеңінен талқыланады. Мәселен әлеуметтік, мәдени және тарихи есте сақтаудың әртүрлі аспектілері әр түрлі білім саласы өкілдерінің еңбектерінде басты назарға алынды. А. Бергсон, М. Блок, М. Хальбвакс, Б. Генет, Дж. Рюзен, П. Нора, Дж. Неро, П. Стомпка, О. Наварро, З. Овчинникова, т.б. сияқты ойшылдарды атап өткен жөн.

Соңғы жылдары жүргізілген қызықты ғылыми зерттеулерге қарамастан, бұл мәселе қазіргі кезде академиялық ортада кеңінен талқылануда.

Маңызды теориялық және әдіснамалық мәселені қайта қарастыру посткеңестік елдердегі көптеген халықтардың, соның ішінде біздің қазақстандық қоғамның ұлттық санасының қалыптасуы жағдайында біз тарихи өткенімізді қайта қарай отырып мәдени мұраны бағалайтын әр түрлі әлеуметтік стратегияларға кезігіміз. Қазақстандық қоғамды жаңғырту, ақпараттандыру және цифрландыру жағдайында,

Қазақстан ғалымдары үшін, сондай-ақ шет мемлекеттер мен посткеңестік елдердегі әріптестер үшін бұл өте қажет. Соңғы кездегі зерттеулер есте сақтау мәселелері психологиялық, мәдени және антропологиялық, социологиялық және философиялық зерттеулерде үлкен сұранысқа ие болды. Өкінішке орай, ерекше жағдайларға байланысты, біздің елде бұл категорияларды ғылыми түсінуде артта қалушылық бар.

Сондықтан, бұл мақаланың мақсаты – тарихи есті қалыптастыру мен трансляциялауға музей институтының қатысу моделін анықтау.

Бұл мақалада тарихи-мәдени есті мен музей құбылыстарын олардың өзара байланыстарын жүйелі түрде қарастыруға талпыныс жасалды. Зерттеуде қолданылған әдіс белгілі бір дәрежеде зерттеудің бастапқы кезеңінде туындаған мәселелерді шешуге мүмкіндік берді.

1) тарихи және мәдени есті ұғымдарына талдау жасалды;

2) тарихи және мәдени есті қалыптастыру факторлары анықталды;

3) тарихи, мәдени ес пен музей құбылыстарына құрылымдық талдау жасалады;

4) тарихи және мәдени ес құбылыс ретінде музей функцияларында анықталды.

Қазіргі заманғы ес мәселесіндегі зерттеулерде музей «қоғамның мәдени және коммуникативті есін қалыптастырудың маңызды орталығы» болып саналады (Ростовцев, 2014:111). Бүгін біз тарихи және мәдени ес дискурсының нақты

аспектілері жеткілікті түрде ашылды және жалпылама және қолданбалы зерттеулердің уақыты келді деп айта аламыз.

Зерттеу әдістері мен әдістемесі

Зерттеудің әдіснамалық және теориялық негізі мәдени ес мәселесін зерттеумен айналысатын ғалымдардың еңбектері болып табылады. Мақала авторлары теориялық мәселені зерттеуде келесі әдістерді қолданды: тарихилық әдісі, мәдени-тарихи, салыстырмалы, тарихи және логикалық принциптер. Тарихи-мәдени есті сақтаудағы музей модельдерін анықтау сияқты мәселені зерттеуде мақала авторлары тарихи-мәдени қорлар мен Алматы музейлерінің жұмысын талдауға негізделді.

Негізгі бөлім: талқылау

Қазақстанның мәдени саясатының маңызды міндеттерінің бірі – халықтың мәдени мұрасын сақтау және кейінгі ұрпаққа беру. Сондықтан, қазақстандық қоғамды модернизациялаудың қазіргі жағдайында мәдени мұраны Қазақстанның мәдени саясатының басты бағыты ретінде сақтау маңызды болып табылады, мұнда «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде ұлттың ұлттық санасын дамыту факторы ретінде қазақ халқының мәдени мұрасын сақтау және трансляциялау ерекше маңызға ие. Осы жағдайларда мәдени зерттеулердің теориялық міндеттерінің бірі – қазақ халқының мәдени мұрасын зерттеу ғана емес, оның мазмұнын мәдени-философиялық талдау, оның мазмұндық-құрылымдық бөлігін, түрлерін, мәдени институттарды мәдени мұраның трансляциялаушы ретінде анықтау. Ғалымдардың пікірінше, «мәдени мұра археологиялық, этнографиялық, этнологиялық сипаттағы артефактілерді, ұлттық және діни жәдігерлерді, кескіндеме, графика, қолданбалы өнер, кино және фотосурет сияқты көркемдік нысандардың сақталған туындыларын, сондай-ақ, ата-бабаларымыздың көне тұрғылықты жерлерін, шахталар мен ежелгі қоныстар, әлеуметтік-мәдени және тарихи маңызы бар әртүрлі тарихи дәуірдегі сәулет ескерткіштерін қамтуы мүмкін». (Шулєпова, 2010:308)

Ғалымдар сонымен қатар мәдени мұраға ерекше табиғи ландшафттар мен ежелгі ата-бабаларымыз өмір сүрген жерлерді, бүгінгі күні әлеуметтік-мәдени және эстетикалық, этнографиялық, антропологиялық құндылықтарды да жатқызады.

Музей тек қана заттай деректемелерді, дәйектерді жинап, сақтап және құжаттау ісімен ғана шектелмей, сонымен қатар барлық келушілерге қолжетімділікті де іске асыруы тиіс. Музейдің ғылыми қызметкерлері жинақтау жұмысын жүргізгенде ол мәдени құндылықтың біздің өткен тарихымызды көрсете ала ма, жоқ па деген сұраққа жауапты іздейді. Олар осы заттай дәлелдемелерді қалай бейнелейді және түсіндіреді және тарихи маңыздылығына қарай орналастырады. «Азаматтық құқығынан айырылған, қысым көрсе де үндемейтін плюрализм және интеграция орындары ретінде әрекет етуге ұмтылысынан қазіргі заманғы музей экспозициясында беделді ұжымдық есті қолдайтын құндылықтарды құру арасында үнемі қайшылықтар болады, олар көбінесе дамудың желілік баяндауымен байланысты. (Eric Gable and Richard Handler, 2007:60).

Көптеген ғалымдардың зерттеулеріне сәйкес, мәдени мұра ғана емес, мәдени естерткіштер, музей сияқты әлеуметтік-мәдени институттар заттай тарихи және мәдени есті тасымалдаушы болып табылады. Музейлердің мәдени мұраны сақтаудағы орны мен рөлін зерттеуде ғалымдар екі тәсілге назар аударады: тарихи және мәдени.

Тарихи көзқарасқа сәйкес музей мәртебесі мен рөлінде тарихи есті сақтау міндетін орындайды.

Есте сақтау – бұл жеке тәжірибе ғана емес, сонымен бірге ұжымдық өрістің бөлігі болғандықтан, тарихи ес тарих ғылымында Пьер Нора, Ричард Тердимен және мәдени зерттеуде Сюзан Стюартта зерттеу тақырыбына айналдырды. Олар мәдени есте сақтау процесін (тарихнаманы) және оның мәні мен нысандарын сәйкесінше көрсетеді.

Жалпы мағынада, ес – өткеннің символдық түрде бейнеленген көрінісі. И.Е. Кознова айтуынша «еске алу өткенге бағытталған, бірақ қазіргі уақытта көрініс табатын, уақыттың осы екі режимін байланыстырады» (Кознова, 2003:26). Тарихи естің мәні мен формаларын зерттеу арқылы алынған негізгі ғылыми нәтижелерді қорытындылай келе, көптеген ғалымдар мынаны атап өткен. «Тарихи ес ұғымы белгілі бір естеліктерді, құбылыстарды, оқиғаларды, оның өткені және бүгінін есте сақтайды» – дегенді білдіреді. (Приходько, 2010:133). Бұл естеліктермен байланысты өткен уақыт көп немесе аз болуы мүмкін. Ол туралы естеліктер ауызша не жазбаша дәстүр арқылы беріледі және оларды миф түрінде көруге, идеализациялауға немесе нақты сипаттама беруге болады.

Мәдени есті сақтауға және трансляциялауға музейдің қатысу модельдері

Музей тарихи есте сақтау функциясын орындайтын мекеме ретінде жинақталған тарихи тәжірибені сақтап қана қоймай, сонымен қатар тарихи процестер мен әлеуметтік қатынастарды, әлеуметтік мәдени байланыстарды көрсететін объективтілікте тарихи фактілерді бір ұрпақтан екінші ұрпаққа өткізуге мүмкіндік береді.

«Тарихи ес – бұл жалпы мәдени есте сақтау режимдерінің бірі. Оның функциясы өткеннің идеалды бейнесін жасау болып табылады» (Нес-теренко, 2012:284).

Тарихи ес үш бағытта көрінеді:

1) өткен тарих туралы білімді жинақтау арқылы тарихи тәжірибені бекіту және жинақтау тәсілі ретінде;

2) өткеннің герменевтика түрі ретінде, осылайша өткеннің қазіргі уақытпен байланысын;

3) ұлттық идеяны қалыптастырудың қажетті шарты бола отырып, болашақтың негізі ретінде қалыптасады (Terdiman, 2011:7)

Тарихи естің негізгі қасиеттерін анықтай отырып, біз музейлердің қандай әлеуметтік-мәдени функциялары оның интегралдық бейнесін сақтауды қамтамасыз ете алады? – деген сұрақты қарастыруымыз керек.

Жалпы, біз музейлердің әлеуметтік функцияларын айтқанда тарихи есті сақтау және трансляциялау мәселесі тұрғысынан ең маңызды мына функциялар рөл атқарады:

- 1) құжаттау
- 2) ғылыми-ағартушылық
- 3) білім беру
- 4) идеологиялық
- 5) ғылыми-зерттеу
- 6) адамзат жинаған мәдени мұраны трансляциялау, насихаттау
- 7) мәдени мұраны түсіндіру.

Ресей тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Э.Н. Мастеница атап өткендей, «XXI ғасырдың сын-қатерлеріне жауап бере отырып, жаһандық әлемдегі музейлер тұрақтылықтың аумағы болып мәдени мұраны сақтауға және трансляциялауға, адамның мәдени мінез-құлқын қалыптастыруға және қоғамның тұрақты дамуын анықтауға атсалысады» (Мастеница, 2011:6).

Қорыта келгенде, музейлердің тарихи есті қалыптастырудағы, трансляциялаудағы рөлі өзекті, ол музей экспозициясы мен оның кеңістігінде жүзеге асады. Әлеуметтік естің кез келген түрі сияқты, тарихи және мәдени тұрғыда материалдық болуы мүмкін. «Материалдық тұрғыдан ес тарихи және мәдени ескерткіштер

мен мәдени мұра объектілері және мәдени кеңістіктегі өткеннің бейнесін көрсетіп қана қоймай, сонымен бірге жалпы болашақтың көрінісін бейнелейді, онсыз халық, этникалық топ және ұлт сияқты әлеуметтік қауымдастықтарды біріктіру мүмкін емес» (Божченко, 2012:7).

Осылайша, тарихи көзқарас музейлердің экспозициялық үлгісін анықтауға және негіздеуге мүмкіндік береді. Музейлердің бұл үлгісі соңғы 75 жыл ішінде қазақстандық музейлердің, соның ішінде Алматыдағы музейлердің жұмыстарымен айқын көрінді.

Экспозициялық модельдің негізгі мақсаты – тарихи құжаттар мен артефактілерді, мәдени мұра материалдарын жинақтау, сипаттау, жіктеу, зерттеу. Жалпы, бұл модель негізінен статикалық сипатта болады және аудиторияны тарихи және мәдени маңызы бар тарихи құжаттармен таныстыруға бағытталған. Тарихи маңыздылығына қарамастан музейлердің бұл үлгісі «семантикалық қағидатты» жаңартып, ішкі эволюциясындағы белгілі мақсатқа бейімделген ұйымдастырудың жаңа визуализациясын жасай отырып, салыстырмалы (тарихи, көркемдік, семиотикалық құндылықты т.б.). мазмұндық және тарихи-мәдени есті қайта жаңғыртуға ие.

Заманауи музейлер формасын, идеологиясын, типологиясын, ғылыми бағытын, сонымен қатар материалдарды, ақпараттарды, білім және артефактілерді сақтау тәсілдерін өзгертуде. Өздерінің жаңа миссиясын орындау үшін – халықтың мәдени есін және мәдени мұрасын сақтаушы ретінде танылып, қазіргі жағдайда қоғаммен, мемлекетпен, басқа да білім және ақпаратты тұтынушылармен қарым-қатынасты өзгертуде. Бұл қыры мәдениеттанулық тұрғыда барынша нәтижелі көрініс тапқан. Мәдениеттанулық көзқараста музей мәдени ес форматында әлеуметтік-мәдени мұраны сақтап, трансляциялауына басты назар аударады. Музейлердің мәдени есті сақтаудағы рөлін зерттеуде германдық тарихшы ғалым Ян Асманың «Мәдени ес» осы сияқты қазіргі заманғы ғалымдар осы тақырыпқа жалпы қызығушылықты 1980 жылдардың басынан бастады.

Бұл тұрғыда музейді өткен уақыт кезеңнің айғағы, типологиялық жиынтығы ретінде ғана емес, оның коллекциясында сақталатын, құжатталған кешендер арқылы адам есінің сақтаушысы және трансляциялаушы ретінде қарастыруға болады. (Jules David Prown, 1993:2)

Осы тақырыпта, соңғы жылдары музейлер – тарихи-мәдени естің трансляторы ретінде Ресей ғалымдары ғылыми-теориялық зерттеулер

жүргізді, оларға З. Овчинникова, Ю. Комлев, О. Божченко және т.б. кіреді. Ресей ғалымдарының еңбектері музейлердің ерекшеліктерін және олардың тарихи және мәдени есті сақтаудағы рөлін жан-жақты қарастырып, талдады.

Қазіргі әлеуметтік-мәдени кеңістікте музейлер институты мәдени естің артефактілерін қазіргі шындықтың жалпы мәдени контексіне енгізу және олармен байланысты дүниені насихаттау міндетін атқарады. Қазіргі зерттеушілер тарихи және мәдени естің бірқатар қасиеттерін ажыратады:

1) екі немесе үш ұрпақ бойында сақталған қоғамның өткені мен келешегі туралы білім;

2) тарихи өзектілік және өткеннің әлеуметтік құндылығы, ол есте бейнеленеді (яғни белгілі бір түрде тарихи санаға бағытталған);

3) фрагменттілік және селективтілік;

4) көпмағыналылық және оның амбиваленттілігі;

5) мәдени және тарихи үйлесімділік, ол арқылы тарихты, яғни өткенді және бүгінгі өмір мәдениетімен байланыстыратын құндылықтар;

6) мәдени есте сақтау қабілеттілігінің болуы

7) тарихи-мәдени ес – әлеуметтік құбылыс болуы;

8) нақты тарихи ес – жүйеленген білім беру арқылы бұқаралық ақпарат құралдары арқылы ақпараттармен толтырылатын тарихи сананың бөлігі; «мәдени ес тұғастай қоғамдық сананы қалыптастырады, бір жағынан тарихи санаға әсер етеді» (Герасимов, 2013:133).

Музейдегі мәдени есті сақтау мен трансляциялау процесі, музейлерде – осы музейде сақталған заттармен байланысты. Музей коллекциясы үшін заттарды таңдау, құжаттау және ғылыми зерттеу және белгілі бір мәдени, әлеуметтік, экономикалық және саяси мақсаттар мен жағдайлармен белгіленеді.

Теориялық міндетін осы жағынан қорытындылай келе, қазіргі қоғамдағы музейлер дәстүрлі әлеуметтік, мәдени, аксиологиялық, ағартушылық, білім беру, «азаматтық» және басқа да дәстүрлі функцияларды, нормаларды жаңғыртып, мәдени институт ретінде сақталуда. Музей халықтың институционалды мәдени есі ретінде мәдени бәсекелестікке байланысты мәдени үлгілерді, формалар мен стандарттарды белсенді түрде алмастырып, кеңейтіп, егемендік тәжірибесі арқылы әлеуметтік институттарды жаңартып және модернизациялап, қоғамдағы гуманитарлық жағдайларды өзгертіп, этникалық және әлеуметтік топтар мен қауымдастықтардың жеке басын анықтау тұрғысынан дамуда, сондай-ақ өркениеттер диалогы, мәдени кодты анықтау

және сипаттау және қоғамдық сананы өзгертуде маңызды рөл атқара бермек.

Қойылған міндетті қорыта келе, Алматы қаласы музейі мен Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік музейі басқа да Алматы музейлері сияқты экспозициялық модельге көбірек ұқсастықтары бар екенін атап өтуге болады.

Алматы қаласы тарихы музейі және ҚР Орталық мемлекеттік музейі әлеуметтік функцияларын жүзеге асыру тәжірибесін талдасак. Талдау келесі өлшемдерге негізделді:

1) музейлердің тікелей функцияларын орындау (құжаттама, ғылыми білім беру және әлеуметтік-мәдени тәжірибені тарату және т.б.) және музей институты үшін салыстырмалы түрде жаңа әлеуметтік функцияларды орындау.

2) музейдің облыстық және республикалық маңызы бар мәдени шараларға қатысуы;

3) экспозицияның тақырыптық ерекшелігі мен толыққандылығы, оның белгілі бір тақырыпқа, мәдени және тарихи даму ерекшеліктеріне сәйкестігі.

Осы жағдайды талдау негізінде тарихи есті қалыптастыруға, трансляциялауға музейдің қатысуының 3 моделін анықтадық:

1. Экспозициялық үлгі, ол көптеген музейлерге тән. Музей өзінің негізгі күш-жігерін алынған мәдени мұраны сақтауға жұмылдырады, ғылыми және ағартушылық жұмыстар жүргізеді.

2. Инновациялық үлгі, оның аясында музей аймақтың мәдени өмірінің белсенді қатысушысына айналады, оны ақпараттық қамтамасыз етумен және тақырыптық көрмені қамтамасыз етумен айналысады. Сонымен қатар, музейдің өзі түрлі мәдени іс-шаралардың бастамашысы болып табылады (мекеме «Музейдегі түн» акциясы сияқты кең таралған инновациялық жұмыс түрлерін өткізетіні және жыл сайын өз бағдарламаларын жасайтынын айтуымыз керек).

3. Мақсатты үлгі, әр түрлі ұлт диаспораларынан тұратын Алматы қаласының этникалық құрамының ерекшеліктеріне байланысты қаладағы ұлт өкілдерінің конгресі сияқты ұлттық интеграция құрылымдарының болуы ұлттық тарихи және мәдени есті сақтауға қызығушылық тудырады. Алайда, этникалық және субэтникалық топтармен байланысты музейлердің жұмысы осыған бағытталған. Алматы музейінде орналасқан Қазақстан халқы Ассамблеясы залы осыған дәлел.

Айта кету керек, З. Овчинникова өз еңбегінде үш үлгіні сипаттайды: консервативті, инновациялық, атаулы үлгі (Овчинникова, 2010:82). Жалпы қазақстандық музейлердің

Ресей музейлерімен ұқсастықтары бар. Шамасы, бұл ұқсастық тұтастай алғанда кеңестік дәуіріндегі барлық музейлер 50 жылдан астам уақыт ішінде бір парадигмада дамығандықтан, олардың жұмыстары бір-бірімен тығыз ғылыми және ғылыми ағартушылық жұмыспен байланысты қалыптасуымен түсіндіріледі. Модельдерде салыстырмалы ұқсастықтар атап өтілді. Қазақстандық музейлер ұлттық мазмұнымен ерекшеленеді. Біздің ойымызша, қазіргі заманғы музей әлеуметтік және мәдени манипуляция құралы бола алады. Музей дәстүрлі құндылықтар, «объективтілік» нормалары, стандарттары мен тарихи дәйектілік шеңберіне кірмейді.

Қазіргі заманғы музейлер экспозициясын ұйымдастырудың және халыққа ұсынудың жаңа түрлерін ойлап табуда. Оларға әсіресе жаңа технологияның қолжетімділігіне байланысты интерактивті форматта дәрісті өткізу, цифрландыру аясында жаңа технологияларды игеру, қашықтықтан байланыс орнату, жарнама, медиа сүйемелдеу нәтижесінде әртүрлі қоғамдық пікір алмасу формалары, көркемдік инсталляцияның жеке нұсқаларын аймақтық мүмкіндіктерге байланысты енгізіп отырады.

Сонымен қоса, музей келушілері бейтарап ақпарат алмасушылар болып табылмайды. Керісінше, келушілер коллекциялармен және ілеспе түсіндірме материалдармен жұмыс жасау кезінде олардағы бұрыннан бар білім мен түсінікке жаңа мазмұн қосады және өзіндік мазмұн жасайды. Музей коллекциясы мен құжаттамасына сандық қолжетімділік халыққа көптеп шақыруға мүмкіндік туғызады. (Michelle Henning, 2006:137).

Осылайша, тарихи сұрыпталады, құрылады, музейге беріледі. Ал содан кейін, келушілердің қабылдау үдерісінде өткен тарихты өзіндік түсіну арқылы кәсіби тарихшы идеалына тәуелсіз тарихи мән қалыптастырады. (Sheila Watson Myth, 2010:205).

Қазіргі музейлік көрмелердің экспозициясы тақырыптық сипатқа ие. Олардың бүгінде жұмысы көпшілікке белгілі. Музейлердің қызметі жаһандану кезеңінде жұмыс атқаруда. Кез келген музейдің күнделікті тыныс тіршілігі ақпарат алмасу мен экспозициясын алмастыру, жеке коллекциялар таңдау және мемлекеттік қор сақтау жұмысымен байланысты. Бүгінгі таңда музей нысандарында тақырыптық мен экспозициялық үйлесімділік орын алады. Мәселен тарихи және өнер нысандарынан, әдеби пен тарихи нысанда, кескіндемелік, сонымен қатар визуал-

ды, пластикалық, технологиялық, үйлесімділікті атап өткен жөн.

Қазіргі заманғы музей мәдениет саласындағы сұранысқа ие ғаламдық құбылысқа жауап беріп, сонымен бірге әлеуметтік, ұлттық, жеке беделге, жауапкершілікке, экономикалық белсенділікке, бизнеске, саяси басқаруға және «сыни» әлеуметтік тәжірибеге тікелей байланысты виртуалды нысанға айналуға.

Қорытынды

Мақалада көрсетілген мақсат пен міндетке сәйкес тарихи-мәдени ес мәселесін қарастыра отырып, тарихи ес тарихи сананың маңызды бөлігі және ретроспективті бағытталған әлеуметтік-мәдени естің ерекше жағдайы екенін анықтадық. Сонымен бірге, бұл жалпы болашақтың бейнесін идеологиялық негіздеу және ұлттық идеяны қалыптастыру үшін қызмет ететін тарихи ес, ал қоғам мүшелері тарихи тағдырдың бірлігін қамтамасыз етеді. Осылайша, тарихи ес болмай, қоғамның жалғасып өмір сүруі мүмкін емес, өйткені ол жалпы тарихи контекстен айрылып, ыдырап кетеді.

Барлық мекемелердің арасында тұтастай алғанда мәдени есті сақтау мен трансляциялауда, оның ішінде музейлер мұны барынша біртұтас және дәйекті түрде жасайды, мұны ғалымдардың атап өткен музейлердің әлеуметтік функциялары растайды.

Алматы музей тәжірибесін талдау негізінде тарихи-мәдени есті қалыптастыруға, сақтауға, трансляциялауға музейдің қатысуының үш моделін де қарастырдық.

Қазіргі тарихи музейлердің тарихи жад жүйесіндегі маңыздылығы: келушіге танымдық және эмоционалды түрде әрекет ете отырып, олар өткен мен қазіргі уақыттың байланысын орнатады, қоғамның назарын проблемаларға тарту үшін түрлі мүмкіндіктерді қолдана отырып, өткір әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған диалогты ынталандырады. Олар белгілі бір тарихи жағдайда әсер етеді.

Сонымен бірге музейлер институтының дамуында белгілі бір дағдарыстық ерекшеліктер байқалады, сондықтан қоғамдағы музейлердің құқықтық мәртебесін тұрақтандыру ғана емес (бұл мемлекеттің мәдени және қорғаныш рөлімен және тарихи естің қабылданған бейнесін беруге деген қызығушылығымен қамтамасыз етіледі), сонымен қатар олардың орны тұтастай алғанда мәдени ландшафт. Бұл зерттеу тақырыбының да аясы кең екенін ескеруіміз керек.

Әдебиеттер

- Божченко О. Музей в формировании исторической памяти: автореферат на соискание ученой степени кандид. культурологии. – СПб., 2012. – 7 с.
- Герасимов О.В. Феномен исторической памяти // Вестник университета Российской академии образования. – 2013. № 5. – 133 с.
- Кознова И. Е. Историческая память и основные тенденции ее изучения / И.Е. Кознова // Социология власти. – М., 2003. №4. – 23 с.
- Нестеренко А.Н. Историческая память и современность, А.Н. Нестеренк // Вестник Российской академии наук. – М., 2012. №1. – 284 с.
- Овчинникова З.А. Роль музеев в формировании, поддержке и трансляции исторической и культурной памяти, З.А. Овчинникова // Вестник культуры и искусств. – М., 2018. №2. – 82 с.
- Приходько Е. А. Историческая память и историческое сознание. Е.А. Приходько, С.О. Лебедева (2010), Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение // Вопросы теории и практики. – М., 2010. № 1. – 132 с.
- Ростовцев Е.А. Направления исследований исторической памяти в России, Е.А. Ростовцев, Д.А. Сосницкий // Вестник Санкт-Петербургского университета. История. – М., 2014. №1. – 106 с.
- Шулепова Э.А. Наследие и современность: проблема изучения и сохранения, Наследие в эпоху социокультурных трансформаций: Материалы международной конференции. – М.: Альма-Матер. 2010. – 620 с.
- Eric Gable and Richard Handler (2007), 'Public History, Private Memory', in Amy K. Levin (ed.) Local museums and the construction of history in America's changing communities (Walnut Creek, CA, 60 p.
- Jules David Prown (1993), «The Truth of Material Culture: History or Fiction?», in Steven Lubar and W. David Kingery (eds) History from Things: Essays on Material Culture. – Washington, Smithsonian Institution. 2 p.
- Мастеница, Е.Н. Интерпретация культурного наследия в музее: гуманитарный дискурс. Е. Н. Мастеница // Вестник СПбГИК. – 2011. № 3. – 6 с.
- Michelle Henning (2006), Museums, Media and Cultural Theory. Maidenhead, Open University Press, 137 p.
- Sheila Watson (2010), «Myth, Memory and the Senses in the Churchill Museum», in Sandra H. Dudley (ed.) Museum Materialities: objects, engagements, interpretation Oxford, Routledge, 205 p.
- Terdiman R. (1993), Present past: modernity and the memory crisis. Ithaca: Cornell University Press. Cornell University Press; 1 edition, 400 p.

References

- Bozhchenko O. (2012) Muzei v formirovanii istoricheskoy pamyati / avtoreferat na soiskaniye uchenoy stepeni kandid. kul'turologii. Sankt-Peterburg, 7 s.
- Gerasimov, O. V. (2013) Fenomen istoricheskoy pamyati. Vestnik universiteta Rossiyskoy akademii obrazovaniya. № 5. 133 s.
- Koznova, I. Ye. (2003) Istoricheskaya pamyat' i osnovnyye tendentsii yeye izucheniya, I. Ye. Koznova, Sotsiologiya vlasti. M., №4. 23 s.
- Nesterenko, A. N. (2012) Istoricheskaya pamyat' i sovremennost', A. N. Nesterenko, Vestnik Rossiyskoy akademii nauk. M., №1. 284 s.
- Ovchinnikova, Z. A. (2018) Rol' muzeyev v formirovanii, podderzhke i translyatsii istoricheskoy i kul'turnoy pamyati, Z.A. Ovchinnikova, Vestnik kul'tury i iskusstv. M., №2. 82 s.
- Prihod'ko, Ye. A. (2010) Istoricheskaya pamyat' i istoricheskoye soznaniye, Ye. A. Prihod'ko, S. O. Lebedeva, Istoricheskiye, filosofskiyе, politicheskkiye i yuridicheskkiye nauki, kul'turologiya i iskusstvovedeniye. Voprosy teorii i praktiki. M., № 1. 132 s.
- Rostovtsev, Ye. A. (2014) Napravleniya issledovaniy istoricheskoy pamyati v Rossii / Ye.A. Rostovtsev, D.A. Sosnitskiy, Vestnik Sankt-Peterburgskogo universiteta. Istoriya. M., №1. 106 s.
- Shulepova E.A. (2010) Naslediye i sovremennost': problema izucheniya i sokhraneniya // Naslediye v epokhu sotsiokul'turnykh transformatsiy: Materialy mezhdunarodnoy konferentsii. M.: Al'ma-Mater. 620 s.
- Eric Gable and Richard Handler (2007) 'Public History, Private Memory', in Amy K. Levin (ed.) Local museums and the construction of history in America's changing communities (Walnut Creek, CA, 60 p.
- Jules David Prown (1993) «The Truth of Material Culture: History or Fiction?», in Steven Lubar and W. David Kingery (eds) History from Things: Essays on Material Culture. Washington, Smithsonian Institution. 2 p.
- Mastenitsa, Ye. N. (2011). Interpretatsiya kul'turnogo naslediya v muzeye: gumanitarnyy diskurs / Ye. N. Mastenitsa, Vestnik SPbGIK. № 3.- 6 s.
- Michelle Henning (2006). Museums, Media and Cultural Theory. – Maidenhead, Open University Press, 137 p.
- Sheila Watson (2010) «Myth, Memory and the Senses in the Churchill Museum», in Sandra H. Dudley (ed.) Museum Materialities: objects, engagements, interpretation Oxford, Routledge, 205 p.
- Terdiman R. (1993) Present past: modernity and the memory crisis. Ithaca: Cornell University Press. Cornell University Press; 1 edition, 400 p.